

"Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру қағидалары мен нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 20 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 18 маусымдағы № 79 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру қағидалары мен нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 20 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 56-бабы 4-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру қағидалары мен нысандарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру қағидалары мен нысандары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 56-бабы 4-тармағына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.";

Қағидаларға қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін жіберілуін және ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2026 жылғы 18 маусымдағы
№ 79 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрінің
2025 жылғы 30 сәуірдегі
№ 20 бұйрығымен
бекітілген

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру қағидалары мен нысандары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру қағидалары мен нысандары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 56-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпарат беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган – бюджетті атқару, жергілікті бюджеттің атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын Ұлттық әл-ауқат қоры, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым;

4) тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатының пайдаланылуы туралы ұйымның есебі (бұдан әрі – Есеп) – ұйымның тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпаратын қамтитын құжат;

5) ұйым – тиісті бюджетке дивидендтер немесе аударымдар төлейтін квазимемлекеттік сектор субъектісі;

6) ұйымның атқарушы органы – алқалы орган немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға.

2-тарау. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпаратты беру тәртібі мен нысаны

3. Есепті ұйымның атқарушы органы есепті жылдан кейінгі екінші жылдың 1 (бірінші) ақпанынан кешіктірмей ұйымның жылдық қаржылық есептілігі, мемлекеттік кәсіпорынның және мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің даму жоспарының орындалуы туралы есеп, сондай-ақ ұйымның басқару органдарының таза кірісті бөлу тәртібі бойынша шешімдері негізінде қалыптастырады.

Есеп ұйым тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төлеуден босатылған жағдайда да қалыптастырылады.

4. Ұйым есепті жылдан кейінгі екінші жылдың 5 (бесінші) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізу үшін акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органға, жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы есепті, тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы ақпаратты береді.

Есепке түсіндірме жазба қоса беріледі, ол тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдаланудың әрбір бағыты бойынша ақпаратты қамтиды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Есепте тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кірістің бір бөлігінің нақты пайдаланылғаны туралы ақпарат көрсетіледі.

Есеп пен оған түсіндірме жазбаға ұйымның атқарушы органының басшысы қол қояды.

5. Акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) акцияларының мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану не мемлекеттік кәсіпорындарды басқару құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар есепті жылдан кейінгі екінші жылдың 10 (оныншы) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде ұйымдардың есептерін бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

6. Ұйымның есептері Кодекстің 56-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке қосылады.

Бұйрыққа қосымша
Квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің тиісті бюджетке
аударымдардан немесе
дивидендтер төленгеннен кейін
қалған таза кіріс қаражатын
пайдалануы туралы ақпарат беру
қағидалары мен нысандарына
қосымша
Нысан

Ұсынылады: акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтарын жүзеге асыратын мемлекеттік органға,

жергілікті атқарушы органға немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Әкімшілік нысанның атауы: "Тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы есеп";

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-ТҚҚПЕ

Кезеңділік: жыл сайынғы;

Есепті кезең: 20__ жылғы;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын Ұлттық әл-ауқат қоры, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті жылдан кейінгі екінші жылдың 5 (бесінші) ақпанынан кешіктірілмейтін мерзімде ;

Жеке сәйкестендіру нөмірі/
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы есеп

Р/с №	Ұйымның атауы	Есепті жыл _____			
		Тиісті бюджетке аударымдар дан немесе дивидендте р төленгеннен кейін қалған	Оның ішінде пайдаланудың негізгі бағыттары:		
			өндірісті дамытуға, мың теңге	инвестициялық жобаны іске асыруға, мың теңге	резервтерді қалыптасты руға, мың теңге

		таза кіріс, мың теңге				жазылсын), мың теңге
	1	2	3	4	5	6
Атауы _____				Мекенжайы _____		
_____				_____		

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлiк субъектiлерi болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

"Тиісті бюджетке
аударымдардан немесе
дивидендтер төленгеннен
кейін қалған таза кіріс
қаражатын пайдалануы туралы
есеп" әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Тиісті бюджетке аударымдардан немесе дивидендтер төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме (1-ТКҚПЕ, жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Тиісті бюджетке дивидендтер немесе аударымдар төленгеннен кейін қалған таза кіріс қаражатын пайдалануы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам оның тегі мен аты-жөнін көрсете отырып қол қояды.

3. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында ұйымның атауы көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында ұйымның тиісті бюджетіне дивидендтер немесе аударымдар төленгеннен кейін қалған таза кіріс көрсетіледі.

7. Нысанның 3, 4, 5 және 6-бағандарында таза кірістің негізгі бағыттары (өндірісті дамытуға, инвестициялық жобаны іске асыруға, резервтерді қалыптастыруға, өзге де бағыттарға) көрсетіледі.